

ӘОЖ 913:801.8; МҒТАР 39.29.15; 16.41.35; 39.15.15
<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.05>

А.Қ. МЕЙІРБЕКОВ¹, А.К. МЕЙРБЕКОВ^{1✉}

¹PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mails: ameirbekov@mail.ru, akylbek.meyirbekov@ayu.edu.kz

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АНТРОПОТОПОНИМДЕРІНІҢ НОМИНАЦИЯЛАНУ УӘЖДЕРІ МЕН ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада қазақ ономастикасындағы антропотопонимдердің номинациялану уәждері және Қарағанды облысының кісі есіміне байланысты қойылған топонимдерінің этимологиялық мағынасы қарастырылды. Зерттеулер барысында облыс антропотопонимдерінің этимологиясын анықтауда сипаттама жасау, жіктеу, түйіндеу, талдау әдіс-тәсілдері қолданылды. Антропотопонимдік атаулардың этимологиялық шығу тегіне сипаттама жасалынып, жіктеу, түйіндеу арқылы сөзжасам үдерісінің лингвистикалық маңыздылығы зор екендігі анықталды. Мақалада Қарағанды облысы топонимдік бірліктерінің арасындағы кісі есімімен аталған топонимдер және ол антропотопонимдердің екі түрлі номинациялану уәждері қарастырылды. Қарағанды облысы антропотопонимдеріне жасалған зерттеу барысында номинациялану уәждерінің екі түрлі тобына да тән емес антропотопонимдер тобы анықталды. Бұл антропотопонимдер жасалу уәждемесінің екі түрлі тобында да аталып өткен себептерге сәйкес жасалмаған, ерекше себептермен жасалған кісі есімімен аталған антропотопонимдер тобы болып табылады. Аталмыш антропотопонимдердің ерекше жасалу жолына байланысты оларды жасалу уәждемесінің үшінші тобы ретінде қарастыру мүмкіндігі ұсынылды. Үшінші топ ретінде қарастырылуға ұсынылған антропотопонимдер белгілі бір тұлғаға арналып немесе ол тұлғаның еңбегінің құрметіне байланысты қойылған антропотопонимдер ретінде таныла алады. Ерекше мәнге ие болып отырған географиялық атаулар немесе топонимдер сол елді мекеннің тарихынан және ондағы тұрғындардың наным-сенімдері немесе аталған елді мекендегі ғұмыр кешкен жандар туралы сыр шертетіні жайында сөз етіледі.

Кілт сөздер: топоним, антропотопоним, этимология, микротопоним, меморионим.

А.К. Meirbekov¹, А.К. Meirbekov¹

¹PhD, Senior Lecturer of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mails: ameirbekov@mail.ru, akylbek.meyirbekov@ayu.edu.kz

Motives for Nomination and Etymological Features of Anthrotoponyms of the Karaganda Region

Abstract. The article discusses the motives for nominating anthrotoponyms in Kazakh onomastics and the etymological meaning of the toponyms of the Karaganda region associated with

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Мейірбеков А.Қ., Мейрбеков А.К. Қарағанды облысының антропотопонимдерінің номинациялану уәждері мен этимологиялық ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №1 (127). – Б. 58–68. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.05>

***Cite us correctly:**

Meirbekov A.Q., Meirbekov A.K. Qaragandy oblysynyn antropotoponimderinin nominaciialanu uajderi men etimologiialyq erekshelikleri [Motives for Nomination and Etymological Features of Anthrotoponyms of the Karaganda Region] // *Iasauı universitetinin habarshysy.* – 2023. – №1 (127). – B. 58–68. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.05>

a person's name. In the course of the research, methods of description, classification, summarizing, analyzing were used to determine the etymology of the region's anthrotoponyms. The characteristic of the etymological origin of anthrotoponymic names is compiled, the linguistic significance of the word-formation process is established by means of classification and generalization. The article discusses toponyms named after a person among the toponymic units of the Karaganda region, and the motives of two different nominations of anthrotoponyms. In the course of the study of the anthrotoponyms of the Karaganda region, a group of anthrotoponyms was identified that was not typical for both different groups of nomination motives. These anthrotoponyms are a group of anthrotoponyms named after a person created for special reasons that were not created for reasons mentioned in both different groups of creation motivation. Due to the fact that these anthrotoponyms are specific, the opportunity was proposed to consider them as a third group of motivation to create. Anthrotoponyms proposed for consideration as the third group can be recognized as anthrotoponyms intended for a specific person or in honor of the work of that person. Geographical names or toponyms that are of particular importance tell about the history of this locality and the beliefs of its inhabitants or about the people who lived in this locality.

Keywords: toponym, anthrotoponym, etymology, microtoponym, memorial name.

А.К. Мейірбеков¹, А.К. Мейрбеков¹

¹PhD, старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави

(Казахстан, г. Туркестан), e-mails: ameirbekov@mail.ru, akylbek.meyirbekov@ayu.edu.kz

Мотивы номинации и этимологические особенности антропотопонимов Карагандинской области

Аннотация. В статье рассмотрены мотивы номинирования антропотопонимов в казахской ономастике и этимологический смысл топонимов Карагандинской области, связанных с именем человека. В ходе исследований были использованы методы описания, классификации, обобщения, анализа при определении этимологии антропотопонимов области. Составлена характеристика этимологического происхождения антропотопонимических названий, установлена лингвистическая значимость словообразовательного процесса путем классификации, обобщения. В статье рассмотрены топонимы, названные в честь человека среди топонимических единиц Карагандинской области, и мотивы двух различных номинаций антропотопонимов. В ходе исследования антропотопонимов Карагандинской области была выявлена группа антропотопонимов, не характерная для обеих различных групп мотивов номинации. Эти антропотопонимы представляют собой группу антропотопонимов, названных в честь человека, созданного по особым причинам, которые не были созданы по причинам, упомянутым в обеих различных группах мотивации создания. В связи с тем, что данные антропотопонимы являются специфическими, была предложена возможность рассматривать их как третью группу мотивации к созданию. Антропотопонимы, предлагаемые к рассмотрению в качестве третьей группы, могут признаваться антропотопонимами, предназначенными для конкретного человека или поставленными в честь труда этого человека. Географические названия или топонимы, имеющие особое значение, повествуют об истории данного населенного пункта и убеждениях его жителей или живущих в данном населенном пункте.

Ключевые слова: топоним, антропотопоним, этимология, микротопоним, меморионим.

Кіріспе

Әлемдегі әрбір тілдің өзіне тән сөздік қорындағы ерекше сыр-сипатқа ие сөздер ретінде танылған географиялық атаулардың маңызын талдау және оларды жан-жақты аспектіде қарастыруға қазіргі таңда көп мән берілуде.

В. Ван Эссендельфтке сәйкес «Ландшафт нысандарына атау беру – бұл адамзат тарихында ежелден келе жатқан табиғатты тіл арқылы ұйымдастыру және әлеуметтік тәжірибелер мен мәдени стандарттардың нәзік және болжалды желісі арқылы қоршаған ортаны санаттау тәжірибесі болып табылады. Елді мекен атаулары өзіне сол жердің сипаттамасын, сол жерде болып өткен оқиғаларды құжаттайды. Елді мекен атаулары сол белгілі бір жерді оқшаулап және оны ерекшелендіретін байланыстырғыш» болып табылады деген болатын [1].

Аталмыш ерекше мәнге ие болып отырған географиялық атаулар немесе топонимдер сол елді мекеннің тарихынан және ондағы тұрғындардың наным-сенімдері немесе аталған елді мекендегі ғұмыр кешкен жандар туралы сыр шертетіні анық.

Географиялық атаулар картадағы нүктелердің атаулары ғана емес. Бұл ерекше тілді түсіне алатын адам үшін сол жердің тарихы, осы жерлерде жүздеген жылдар бұрын өмір сүрген адамдар, үлкен апат пен үлкен жеңістердің тарихы болып табылады, өйткені бұл жерлер тарихи оқиғалардың жақсы дәлелі екені айқын. Олар бізге өткеннің суретін салып, бүгінмен байланыстырады. Бұрынғы оқиғаларды жер атаулары арқылы айқын елестете алуымызға мүмкіндік береді. Топонимдердің көпшілігі номинатордың жалпы мақсатқа жету үшін қажетті сананы құруға деген ұмтылысына негізделген. Ежелгі түркілер жер-су атауларының әрқайсысына үнемі қызығушылық танытып отырды, бұл діни, мәдени, тарихи, көркем және тұрмыстық себептермен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда тиісті объектінің топонимдері объектіні физикалық тұрғыдан сипаттай алады, сонымен қатар қоғамдастықтың қалай болғандығы туралы да түсінік бере алады [2].

Белгілі бір тұлғаның есіміне арнап немесе байланыстырылып қойылған географиялық атаулар антропотопонимдер деп аталады, географиялық атаулардың бұл тобы адам қызметінің әртүрлі салаларында белгілі тұлғалардың жеке есімдері мен фамилияларына байланысты қалыптасқан. Географиялық атаулардың бұл түрі әлемнің барлық топонимикалық бірліктерінің арасынан кездестіруге болатыны мәлім.

Зерттеу мақсаты: Қарағанды облысының топонимдік бірліктерінің арасында кездесіп отыратын кісі есіміне байланысты атау алған елді мекен аттарын қарастыру және осы антропотопонимдерге этимологиялық сипаттама жасау арқылы олардың мағынасын ашу.

Зерттеу мақсатына жету негізінде келесі міндеттер шешілді: Қарағанды облысының топонимдік бірліктерінің қатарынан кісі есіміне арнап немесе байланыстырылып қойылған антропотопонимдер тізімі анықталды; Қарағанды облысы топонимдерінің арасынан анықталынып алынған антропотопонимдердің этимологиялық мағынасын анықталынды; Қарағанды облысы антропотопонимдерінің номинациялану уәжділіктері айқындалды.

Тақырыптың өзектілігі

Кез келген тілдің топонимикалық лексикасы ішкі ұйымдастырылған және реттелген жүйе болып табылады. Тілдің бұл кіші жүйесін зерттеу ономастика үшін де, жалпы лингвистика үшін де үлкен маңызға ие. Топонимикалық жүйенің бірліктерін адамның ойлау және рухани-практикалық қызметімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталған топонимикалық лексиканы зерттеудегі антропоцентрикалық бағыт перспективалы болып табылады, өйткені бұл жүйені адамның танымдық қызметінің өнімі ретінде зерттеуге мүмкіндік береді. Топонимдер қорын ұлттың тарихи танымымен, мәдениетімен, рухани байлығымен тығыз бірлікте алып қарастырғанда елдің топонимдер табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады. Жер-су атауларын талдаудың арқасында ғалымдар іргелес аумақтағы этникалық және көші-қон процестерін, халықтың қоныстану жолдары мен көші-қон бағыттарын қадағалай алады, әртүрлі этностар арасындағы байланыстар мен жүйелі

байланыстарды және бір этностың басқа этностың тарихи ауысуын анықтай алады, жердің географиялық жағдайын, тарихи оқиғаларды, этнолингвистикалық өткенді, этномәдени фонды елестете алады. Танымның бір түрін «тарихи таным» деп айқындайтын болсақ, жалпы топонимияда немесе аймақтық топонимияда сол танымға негізделген «тарихи топонимдерді» немесе тарихи топонимиялық қабатты қарастыруымызға болады. Қазақ топонимдерінің тарихи кезеңдеріне Алтай дәуіріндегі топонимдер (Ұлытау, Бурхан, Обаған, Сібір, т.с.с.); Көне түркі тіліндегі топонимдер (Айрық, Аршаты, Балқаш, Өлеңті, Шет, Шідерті, т.с.с.); Көне қазақ тіліндегі топонимдер (Бағанаты, Бұқтырма, Доғалаң, Жарыққопа, Көктің көлі, Қағыл, Қайнар, Қарасу, Қорған, Құйған, Шаңдақ, т.с.с.); Қазіргі қазақ тіліндегі топонимдер (Алатау, Ұлытау, Қаратау, Ақсу, Саумалкөл, Көкшетау, Шортанды, Ырғыз, т.с.с.); Араб-Иран тілдерінен енген атаулар (Мақаншы, Дара, Қызылкент, Талдықент, т.с.с.); Монғол тілінен енген топонимдер (Абылай кеткен, Арасан, Дүрбілжің, т.с.с.) және де Орыс тілінен енген топонимдерді (Петропавловск, Ульяновск, Целиноград, Дружба, т.с.с.) жатқызамыз.

Әлемді тіл арқылы танудағы топонимдердің орны мен маңызын ескерсек, топонимикалық тілдік бірліктердің ментальды когнитивтік сипаттарын анықтау қазақ тіл білімінің қазіргі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Сонымен, топонимикалық лексиканы пайдалану саласында тілдік номинация заңдарын және адамдық ойлауды ескере отырып, тілдің топонимикалық жүйесін қараудың когнитивті-прагматикалық қырлары неғұрлым перспективалы және өзекті болып табылады.

Ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар тілдің құжаттық, мәдени танымдық қызметінің негізінде тарихи есімдер арқылы таңбаланып, халық жадында сақталады.

Еліміздің белгілі ономаст ғалымдардың бірі Бияров Бердібек өзінің «Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері» атты монографиясында антропотопонимдер жайлы келесідей тұжырым айтып өткен болатын: «Жер-су аттарынан кісі есімдері қалыптасады. Оларды ғылыми тілде антропотопонимдер деп атайды және мынадай уәждер, себептер арқылы пайда болады:

а) сол жерді иемденген, қоныс еткен феодал, байлардың атынан жасалған микротопонимдер кездеседі. Мұндай антропотопонимдер көшпелі дәуірде әркімнің, әр рудың меншікті қыстауы, өз жайлауы болған себепті өте мол кездесетін. Кейін қоғамдық меншікке негізделген кеңестік жүйе бұл микротопонимдерді жойып жіберді. Мәселен: Ұзынбай, Алшынбай қорығы, Сартымбет, Қанай елді мекендері.

ә) атақты хан, сұлтан, батыр, би, ақын, т.б. жеке тұлғалар туған немесе қайтыс болған жерлерге есімдерін мәңгілеу үшін аты беріледі. Мұндай топонимді меморионим деп атау дәстүрге айналған. Мәселен: Хромтау ауданындағы Абай ауылы; Алматы облысы, Ескелді ауданындағы Абай ауылы; Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Абай ауылы; Алматы облысы, Сарқант ауданындағы Абай ауылы; БҚО, Зеленов ауданындағы Абай ауылы; Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Абай ауылы; Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданындағы Абай ауылы; Қостанай облысы, Қостанай ауданындағы Абай ауылы; Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданындағы Абай ауылы; Қызылорда облысы, Арал ауданындағы Абай ауылы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы Абай ауылы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласындағы Абай ауданы; Түркістан облысы, Мақтаарал ауданындағы Абай ауылы; Түркістан облысы, Сарыағаш ауданындағы Абай ауылы; Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Абай ауылы; Түркістан облысы, Төле би ауданындағы Абай ауылы; Түркістан облысы, Түлкібас ауданындағы Абай ауылы; Түркістан облысы, Павлодар облысы, Железин ауданындағы Абай ауылы [3].

Зерттеу әдістері

Мақалада антропотопонимдерді сипаттау, жіктеу, түйіндеу, талдау әдістері қолданылды. Қарағанды облысындағы кісі есімімен аталған антропотопонимдер қатарына, атап өткенде Бектауата тауы, Амангелді ауылы, Бабаев ауылы, Бұқар жырау ауданы, Гагарин

ауылы, Доскей ауылы, Абай ауылы, Есенбай асуы, Қазыбек би ауылы, Мәди ауылы, Нұрмақов ауылы, Тәттімбет ауылы, Майоровка ауылы, Плаховское ауылы, Пржевальское ауылы, Кондратовка ауылы, Скобелевка ауылы, Есілбай өзені секілді жеке тұлғаларға байланысты жер-су атауларының этимологиялық мәнін анықтау барысында, антропотопонимдерді сипаттау әдісі орын алды. Сонымен қатар, кісі есімі негізінде қалыптасқан антропотопонимдерді жіктеу мақсатында Б.Бияров еңбегінде атап өткен жасалу уәждемесіне сәйкес Қарағанды облысы антропотопонимдеріне талдау жасалынды. Қарағанды облысы антропотопонимдеріне жасалудың негізгі екі уәждемесіне сәйкес талдау жасалынып, олардың әрқайсысының жасалу уәждемесінің қай тобына жататындығы қарастырылып, талдау нәтижесінде жасалу уәждемесіне бағынатын да, бағынбайтын да антропотопонимдер реті анықталынды. Зерттеулер нәтижесінде алынған нәтижелерге байланысты облыс антропотопонимдерінің этимологиялық шығу тегіне байланысты түйіндеме жасалынды.

Талдау

Антропотопонимдердің жасалу жолдары туралы бірнеше отандық және шетелдік ғалымдар өздерінің жұмыстарында жазып өткен болатын. Атап айтқанда, отандық ономаст ғалым Т. Жанұзақ тек қана кісі есімінен жасалған және ешқандай қосымшасыз түрде жасалатын антропотопонимдердің түрі кездесетінін айтып өткен болатын және келесідей кісі есімімен байланысты қойылған: Жәнібек, Төлеген, Бекетай, Жетібай, Жиенбай (Батыс Қазақстан облысы), Мақат, Құлсары, Ералы (Атырау облысы), Аманжол, Күзембай, Олжабай, Құрымбай, Қылышбай (Павлодар облысы) антропотопонимдерді мысалға келтіреді. Аталмыш антропотопоним түрі ономастика ғылымында түбір антропотопоним ретінде танылады [4].

Антропотопонимдердің келесі түрі күрделі кісі есімі немесе кісі есіміне қандай да бір қосымша жалғану арқылы жасалынады, аталмыш құрылымда қалыптасқан антропотопонимдер қос негізді антропотопонимдер деп аталады. Қос негізді антропотопонимдерге Жаманбай және Байқожа секілді жер-су аттары мысал бола алады. Мұндағы аталған екі антропотопонимдердің құрылымы күрделі және екі сөздің бірігіуі немесе қосымшалардың жалғануы арқылы жасалынғанын байқауға болады. Аталмыш типтегі антропотопонимдер изафеттік құрылымда келеді және синтетикалық жолмен жасалған топонимдер тобына кіреді. Алайда, қос негізді антропотопонимдер синтетикалық жолмен жасалған топонимдер тобына кірген болса да, бұл топтағы географиялық атаулардың функциясы түбір антропотопонимдердің функциясымен бірдей болып табылады [5].

Ресейлік ғалым О.Т. Молчанова: «Кісі есімінен пайда болған топонимдік бірліктерін эллипсис арқылы жасалған атаулар деп нақты сеніммен айтуымызға болады, оған себеп кісі есімінен аталған жер-су аттарының түркі тілдерінді изафеттік құрылымда қолданылуы» деп айтып өтеді [6].

Сарбалаев өзінің «Сөзжасам мәселелері» оқу құралында антропотопонимдердің басым бөлігінің эллипсис арқылы жасалуына себеп тілде болатын үнемдеу әктісі нәтижесінде қалыптасатынын атап өткен болатын. Мысалы, бір заманда Әбдікерімнің жұрты деп аталған жайлау уақыт өте келе Әбдікерім жұрты, Әбдікерім тұлғасына дейін қысқаруды бастан кешті [7].

Қазақстан жерінде жеке меншікті әйгілейтін эллипсиске ұшыраған топонимдер және меморионимдер аралас келіп жатады. Бірақ бірінші жолмен жасалғандар басым болып келеді: Абай (елді мекен, Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданы), Ажа (елді мекен, Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауданы), Ай (өзен, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы), Арай (елді мекен, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы), Аят (елді мекен, Қостанай облысы, Таран ауданы), Әжі (елді мекен, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы), Дайыр (елді мекен, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы), Дәуіт (тау, 161 м. Қызылорда облысы, Арал ауданы), Едіге (өзен, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы), Иса (елді мекен, Алматы

облысы, Қарасай ауданы), Қайрат (елді мекен, Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы), Капал (елді мекен, Алматы облысы, Ақсу ауданы), Қорқыт (елді мекен, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы), Кенен (елді мекен, Жамбыл облысы).

1. Бектауата тауы. «Бектауата» тауы Қарағанды облысында орналасқан тарихи тау болып табылады. Аңыз бойынша бұл тау «Бектау ата және Беғазы» деген екі әулие кісілердің есімін алған. Олар мұнда қашып келіп, осы тауды пайдаланған көрінеді. Халық аузындағы әңгімеге сәйкес Бектау ата және Беғазы есімді әулие кісілер мұнда өздерінің дұшпандарынан қашып келіп орналасқан деген аңыз бар. Олар өздерінің дұшпандарымен орын алған қанды да қырғын шайқас кезінде осы таудың баурайындағы үңгірге кіріп кетеді де, күндер бойы сол үңгір ішінен шықпай қояды. Бұл кісілер тау баурайындағы үңгірге кірген бойы қайтып шықпағанын көрген дұшпандары өз жолдарымен қайта береді. Міне, осындай жайттардың нәтижесінде ол тау Бектау ата және Беғазы әулиенің атымен аталып кеткен деген пайымдаулар бар [8]. Антропотопонимдердің жасалу уәждемесіне сәйкес, дәл бұл антропотопоним екінші топқа сәйкес келеді.

2. Амангелді ауылы. Бұл ауылдың есімі 1916 жылы патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі және Қазақстандағы Азамат соғысының қаһарманы Амангелді Иманов есіміне арналып қойылған. Бұл антропотопоним жасалу уәждемесіне сәйкес, жоғарыда аталып өткен екі уәждемеге де сәйкес келмейді, ал жасалу жолына келер болсақ аталмыш антропотопонимнің эллипсис арқылы жасалғанын байқауға болады.

3. Бабаев ауылы. Бұл ауылдың да есімі халыққа белгілі әрі еңбек сіңірген ғылым қайраткерінің есіміне арнап қойылған. Қылыш Бабаев – ауыл – агроном ғалымы және Қазақ егіншілік институтын басқарған тұлға. Ол авиация апаты барысында қаза тапқан болатын. Бабаев атындағы ауыл антропотопонимі де жасалу уәждемесіне байланысты, жоғарыда аталып өткен екі уәждемеге де сәйкес келмейді.

4. Бұқар жырау ауданы. Қарағанды облысындағы антропотопоним географиялық атауының келесі мысалы ретінде Бұқар жырау ауданын айтып өтуге болады. Бұқар жырау – қазақ поэзиясының тарихындағы ең танымал әрі атакты тұлғалардың бірі. Бұл танымал жыраудың есімімен аталған аудан 1928 жылы іргесі қаланған Тельман және 1938 жылы алғаш рет ашылған Ульянов аудандарының бірігуінің нәтижесінде пайда болған аудан болып табылады. 1928 және 1938 жылы ашылған Тельман және Ульянов аудандары 1997 жылдың 23 мамырында бірігіп нәтижесінде бір үлкен ауданға айналады. Осылайша, бұл ауданға Бұқар жыраудың есімі беріледі. Бұқар жырау – 1668–1718 жылдары өмір сүрген қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Бұқар жырау ұзақ ғұмыр кешуіне байланысты көптеген тарихи оқиғалардың куәсі бола білген. Ол Тәуке ханның тұсында-ақ қабырғалы би болған деседі. Бірақ та Абылай ханға дейінгі билікте болған хандардың ешқайсымен тіл табыса алмаған көрінеді. Абылай ханның билікке келуімен жыраудың тағы да жұлдызы жанып, хан ордасына қайта оралып өмірінің қалған бөлігін мемлекеттің істеріне тікелей араласумен өткізеді [9]. Аталмыш антропотопоним жасалу уәждемесіне сәйкес екі аталған топтың ешқайсысына жатпайтынын аңғаруға болады, ал жасалу жолына тоқталсақ бұл антропотопоним эллипсис арқылы жасалған деп тұжырым жасауға болады.

5. Гагарин ауылы. Бұл антропотопонимнің тарихы тұңғыш ғарышкер Ю.А. Гагаринның құрметіне байланысты екені ауыл атауынан да белгілі екені анық. Осылайша, бұл ауыл атауы Қарағанды облысындағы кісі есіміне байланысты атау алған топонимдердің бірі болып есептеледі. Антропотопоним жасалу уәждемесіне сәйкес, бізге белгілі антропотопонимдердің жасалуының екі уәждемесіне де қарастыруға жатпайды, себебі, елді мекен атауы атакты әрі танымал ұшқыш жанның атына аталған.

6. Доскей ауылы. Қарағанды облысындағы келесі бір антропотопонимдердің бірі ретінде Доскей елді мекенін атауға болады. Бұл елді мекен осы облыстағы Зеленая Балка ауылына жақын орналасқан. Ал есімін, бұл елді мекен көрнекті халық ақыны Доскей

Әлімбаевтың құрметіне арнап алған көрінеді. Ол 1850–1946 жылдар аралығында өмір сүрген және өзінің ақындық өнерін 16 жасынан бастап таныта білген ақын болған. Доскей Әлімбаевтың жұмыстары патша өкіметі мен байлар мен билердің қатыгез іс-әрекеттерін сөз етіп, олардың айуандық қылықтарын өзінің өткір жырларымен өлтіре шенеді. Кеңес заманы орнағаннан кейін Доскей Әлімбаев Қарағанды аумағында өмір сүрген көрінеді. Сондықтан болар, оның осы облысқа орныққаннан кейінгі жұмыстарының ең басты тақырыбы кеншілер мен олардың өмірі және еңбегі туралы сыр шертеді. Атап айтқанда, оның «Қарағанды», «Екі сайлау», «Жүрегім» деген өлеңдері ақынның таңдаулы шығармалары болып есептеледі. Ал ақынның, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өлеңдері түгелдей дерлік Отан қорғауға арналды. Осы еңбектері мен жұмыстары ескеріле отырып, ақынға Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы, «Құрмет Белгісі» ордені берілген. Осылайша, Қарағанды облысында өмір сүрген сәтінде ондағы қарапайым кеншілердің өмірінен сыр шерткен жұмыстар жазғаны үшін, Доскей Әлімбаевтың атына арнап бір село өз атауын алған [10]. Осы жұмыс барысында аталып өткен басқа да антропотопонимдер секілді, бұл елді мекен атауы жасалу уәждемесіне сәйкес екі топтың ешқайсысына да жатпайды.

7. Абай ауылы. Облыстағы, келесі бір кісі есіміне байланысты атау алған елді мекен ретінде Абай атындағы ауылын айтып өтуге болады. Аты баяндап тұрғандай бұл ауыл өз есімін атақты қазақ ақыны, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негізін қалаушы, классик Абай Құнанбаевтың құрметіне байланысты алған. Бұл антропотопонимнің жасалу жолы эллипсис арқылы екендігін байқауға болады, себебі алғашында Абай Құнанбаевтың атына арналып қойылған ауыл есімі, келе-келе Абай ауылы атанып кеткен.

8. Есенбай асуы. Қарағанды облысында антропотопонимдердің саны біршама. Кісі есіміне арнап өз атауын алған келесі жер-су атауы ол Есенбай асуы. Бұл асу Тау қойнауына барар жолдағы Едірей ауылының шыға берісінде орналасқан. Деректерге сүйенсек, елді мекен өз атауын сол маңда өмір сүрген Есенбай деген әулие кісіге байланысты алған көрінеді. Бұл елді мекен атауы адам есіміне байланысты қалыптасқан топонимдердің бір жағдаяты ретінде саналады. Осы жерде Есенбай деген әулие кісі өмір сүрген деседі [11]. Ал, бұл антропотопоним жасалу уәждемесіне сәйкес жұмыстың кіріспе бөлімінде аталып өткен уәждемелердің екінші тобына сәйкес келеді және осыған байланысты бұл антропотопоним меморионим ретінде де танылады.

9. Қазыбек би ауылы. Облыстағы келесі бір антропотопоним мысалы ретінде Қазыбек би ауылын атауға болады. Бұл елді мекен бұрынғы Егіндібұлақ ауданы, 1992 жылы Егіндібұлақ аудандық кеңестің шешімімен ауданға Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлының есімі берілді. 1997 жылдан бастап Қарқаралы ауданына қарасты Қазыбек би ауылы болып қалды. Қазыбек Келдібекұлы – қазақ ханы Тәукенің кеңесшісі, Орта жүздің бас биі, шешен. Антропотопоним жасалу уәждемесінің екі тобына да сәйкес келмейтін көрінеді.

10. Мәди ауылы. Облыстың келесі антропотопонимі ол – Мәди атындағы ауыл. Бұл ауыл өз атауын қазақтың халық композиторы, әнші, ақын Мәди Бәпиұлының (1880–1912) құрметіне аталған. Ол жасынан өлең, жырға, домбыраға құмар болады. Мәди Бәпиұлы ел арасында әнші, ақын, серілігімен белгілі болды. Ақын өзінің өмірін әділетсіздікпен күресумен өткізеді. Өз заманындағы үстем тап өкілдерінің өтірік жаласының кесірінен Атбасар, Қарқаралы, Семей, Омбы түрмелерінде де болып шығады. Түрмеде елін, жерін сағынып әділетсіз заманға қатты налынып, қапа болады. Нәтижесінде, бұрынғы «Айрық» шаруашылығына 1990 жылдың 9 мамырында Мәди Бәпиұлының есімі беріледі [12]. Осылайша, облыста кісі есіміне байланысты атауын алған тағы да бір елді мекен пайда болады. Облыстың көптеген антропотопонимдері секілді, бұл антропотопоним де жасалу уәждемесіне келгенде бізге белгілі екі топтың да қасиеттеріне тәнті емес.

11. Нұрмақов ауылы. Нұрмақов атындағы ауыл – Облыстағы атақты тұлғалардың атына арнайы алынған атаулардың бір. Деректерге сәйкес, бұл елді мекен бұрынғы «Қаратау» совхозы болған екен. Алайда, жазықсыз айыпталып атылған және мемлекет

қайраткері болған Нығымет Нұрмақовтың есіміне арнап атауы өзгертілген көрінеді [13]. Жасалу уәждемесіне келер болсақ, аталмыш антропотопонимнің сипаттамасы екі топтың сипаттамасына да салыстырып қарауға сәйкес келмейді.

12. Тәттімбет ауылы. Тәттімбет атындағы ауыл – деректерге сүйенсек, бұл бұрынғы «Арқалық» совхозы болған көрінеді [14]. Тәттімбет Қазанғапұлы шертпе күй орындау мектебінің негізін қалаушы әрі халық композиторы және күйші болған. Облыстағы елді мекендердің атауларының арасында мұнда халыққа еңбегі сіңген атақты әрі көрнекі тұлғаларға арнап атау берілуі жиі кездесетін әрі қалыпты жағдай екенін аңғаруға болады. Тәттімбет атындағы ауыл антропотопонимі де осы жағдайдың бір мысалы болып табылады. Аталмыш антропотопоним, жасалым уәждемесіне сәйкес екі уәждеме тобының екеуінің де сипаттамасына сәйкес келмейді.

13. Майоровка ауылы. Қарағанды облысындағы кісі есімімен аталған антропотопонимнің тағы бір мысалы ол Майоровка ауылының атауы. Деректерге сүйенсек, бұл селонның этимологиялық мағынасы Волга жағасынан Нұра жағасына келген, немістерді қоныс аударуға белсенді қатысушы Карл Андреевич Майер құрметіне арнайы қойылған көрінеді [15]. Ал жасалу уәждемесі бойынша, бұл антропотопоним облыстың басқа да көптеген антропотопонимдері секілді екі уәждемеге де сәйкес келмейді. Себебі, аталмыш антропотопоним не бай феодалдың иеленген жеріне байланысты қойылған микропотопоним де немесе әйгілі би, уәзірлердің атына қойылған меморионим де болып табылмайды.

14. Плаховское ауылы. Облыстың келесі бір антропотопонимі ол Плаховское ауылы атауы. Ауылдың мұндай атау алуының себебі өзгеше болып табылады, бұл ауыл атауы танымал адамның құрметіне немесе танымал адамның дүние салғандығына байланысты емес. Антропотопоним тарихы Ақмола қоныс аударушылар басқармасының жұмыскері болған Плахов фамилиясынан бастау алады. Ол уездің бір шаруа учаскесін басқарған, мұнда қоныс аударушылар әскер чиновнигі қамқорлық пен көмек жасап отырады деген үмітпен өздерінің селосын Плаховка деп атаған деген пікір қалыптасқан [16]. Антропотопонимнің жасалу уәждемесінің себебі, облыс антропотопонимдерінің басым бөлігінен өзгеше және екі уәждемеге де сәйкес келмейді.

15. Пржевальское ауылы. Антропотопонимдердің әрқайсысының қалыптасу тарихы әртүрлі болып келеді. Облыс антропотопонимдерінің арасында ерекше себеппен орын алған жер-су аттары кездесіп жатады, соның бірі Пржевальское ауылы. Бұл ауылдың Пржевальское деп аталуына себеп Н.М. Пржевальскийдің 1954 жылы өткен бірінші ашушы-саяхатшылар экспедициясын басқаруы болып табылады. Оның атқарған осы еңбегі үшін, Пржевальскийдің атына арнап ауыл атауы берілген болатын [14]. Ал жасалу уәждемесіне тоқталар болсақ, облыстың антропотопонимдерінің басым бөлігі секілді аталмыш антропотопоним екі топтың екеуіне де саналмайды.

16. Кондратовка ауылы. Бұл антропотопоним этимологиясы орыс-жапон соғысының батыры, өжет генерал Кондратенко Роман Исидоровичке байланысты, ауыл атауы өжет генералдың құрметіне арнап қойылған. Кондратовка селосының жасалу уәждемесі бізге таныс екі уәждеменің екеуіне де тән емес.

17. Скобелевка ауылы. Антропотопоним этимологиясы генерал, әскер басшысы Михаил Дмитриевич Скобелев (1843–1882) атымен байланысты болып табылады, оның құрметіне село атауы қойылған. Ауылдың бұл атауды алуына себеп, жаңадан келген патриот-тұрғындардың соғыс батыры М.Д. Скобелевке деген құрметі мен ықыласы себеп болған [9]. Облыстағы бұл антропотопоним де жасалу уәждемесі бізге таныс екі уәждеменің екеуіне де тән емес.

18. Есілбай өзені. Есілбай антропотопонимі – Қарағанды облысының Ұлытау ауданынан өтетін өзен атауы. Деректерге сүйенсек, бұл антропотопонимнің осы өңірде өмір сүрген немесе өмір сүрмегені белгісіз Есілбай атты кісі атауымен байланысты көрінеді [10].

Нақты дәлел боларлық ақпараттардың жеткіліксіздігіне байланысты бұл антропотопонимді жасалу уәждемеге байланысты бірінші топқа жатқызуға болады.

Нәтижелер

Қарағанды облысы антропотопонимдеріне жасалған шолу және Бияровтың «Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері» атты монографиясында аталынып өткен антропотопонимдердің жасалу уәждемесіне негізделген талқылау барысында облыстағы кісі есімімен аталған топонимдер арасында, жасалу уәждемесінің талаптарына сай емес жолмен жасалған бірнеше антропотопонимдер анықталды. Яғни, ол антропотопонимдер жасалу уәждемесінде аталып өткен екі негізгі жол арқылы қалыптаспаған. Атап айтқанда, облыс антропотопонимдері арасында белгілі бір жерді иемденген, қоныс еткен феодал, байлардың атынан жасалмаған және де атақты хан, сұлтан, батыр, би, ақын, т.б. жеке тұлғалар туған немесе қайтыс болған жерлерге есімдерін мәңгілеуге де байланысты емес жағдаяттарға байланысты қалыптасқан антропотопонимдер қатары жиілеп кездесіп отырды. Облыстағы кісі есімімен аталған топонимдердің арасында ең жиі кездескен қалыптасу жағдаяты, ол белгілі бір атақты немесе сол өңірге өз көмегін көрсете білген тұлғалардың құрметіне арналып атау беру жағдайы болды. Антропотопонимдердің мұндай себептермен қалыптасуы қазақ антропотопонимдерінің жасалу уәждемесіндегі негізгі екі топтың екеуінде де аталынбаған. Осыған байланысты, антропотопонимдердің пайда болу уәждемесіндегі екі топқа қосымша, үшінші себепті қосу ұсынылады. Аталмыш, үшінші себеп белгілі бір атақты немесе өңірге немесе елді мекенге көмегін көрсете біліп, халықтың есінде қала білген тұлғалардың атына арналып қойылған антропотопонимдер тобы ретінде ұсынылады. Облыстағы кісі есімімен аталған топонимдер арасында, жоғарыда аталып өткен жағдаяттар арқылы қалыптасқан антропотопонимдер саны жеткілікті. Атап айтқанда, Бабаев атындағы ауыл, Бұқар жырау ауылы, Гагарин селосы, Доскей елді мекені, Қазыбек би ауылы, Мәди атындағы ауыл, Нұрмақов атындағы ауыл, Тәттімбет атындағы ауыл, Майоровка селосы, Плаховское селосы, Пржевальское селосы, Кондратовка селосы, Скобелевка селосы антропотопонимдері ұсынылған уәждеменің мысалы ретінде қызмет ете алады.

Қорытынды

Ғылыми-зерттеу жүргізу кезінде кісі есімімен аталған Қарағанды облысының антропотопонимдерін түрлі дерек көздерден ізделініп, нәтижесінде олар зерттеу міндетіне сәйкес қарастырылды. Қарағанды облысы антропотопонимдерінің этимологиялық шығу тегі концептілік уәжділігі негізінде қарастырылды. Зерттеу барысында, облыс антропотопонимдері арасында жасалу уәжділігінің екі түріне сәйкес келетін антропотопонимдер қатары және жасалу уәждемесінің қағидаларына бағынбайтын, жасалу уәждемесі аталынбаған, өзгеше себептермен қалыптасқан антропотопонимдер тізбегі анықталды. Этимологиялық шығу тегіне сәйкес антропотопонимдер арасында микротопоним де, меморионим ретінде де таныла алмайтын бірнеше кісі есімімен аталған топонимдер айқындалды. Аталмыш кісі есімімен аталған антропотопонимдер жасалу уәждемесіндегі екі топта қарастырылмаған, белгілі бір атақты немесе өңірге не елді мекенге көмегін көрсете біліп, халықтың есінде қала білген тұлғалардың атына арналып қойылған антропотопонимдер болып табылады. Мұндай антропотопонимдер жасалу уәждемесінің екі түрлі тобында да аталып өткен микротопоним мен меморионим тобына жатпайтын ерекше кісі есімімен аталған антропотопонимдер тобы болып табылады. Бұл антропотопонимдердің осындай ерекше жасалу уәждемесі табиғатына сәйкес, оларды жасалу уәждемесінің үшінші тобы ретінде қарастыру мүмкіндігі ұсынылды. Жасалу уәждемесінің үшінші тобы ретінде қарастырылуға ұсынылған антропотопонимдер белгілі бір тұлғаға арналып немесе ол тұлғаның еңбегінің құрметіне байланысты қойылған антропотопонимдер ретінде таныла алады.

Жұмыс АР19579130 ғылыми жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржылық қолдауымен орындалған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Willem Van Assendelft. What's in a name? A typological analysis of Aztec placenames // Journal of Archaeological Science. – 2018. – №19. – P. 958–967.
2. Nakhanova L. The role of old Turkic place names in teaching history // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – V. 141. – P. 1054–1061.
3. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 420 б.
4. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. Т. 1. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2006. – 400 б.
5. Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 128 б.
6. Молчанова О.Т. Структурные типы тюркских топонимов Горного Алтая. – Саратов: Издательство Саратовского университета, 1982. – 256 с.
7. Сарбалаев Ж. Сөзжасам мәселелері: оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2002. – 152 б.
8. Адам тегі М., Семқұл тегі Б. Атаулар астарындағы аңыздар // Балқантау. – 1994. – 3 қыркүйек.
9. Артықбаев Ж. Жеріңді танығаның – еліңді танығаның: Ульянов ауданының мысалында Орталық Қазақстан топонимиясына шолу // Орталық Қазақстан. – 1991. – 14 желтоқсан.
10. Жартыбаев А. Қарағанды өңірі топонимдерінің мағыналық және құрылымдық сипаттары. – Қарағанды: Болашақ, 1998. – 165 б.
11. Нұрмақұлы Ж. Жер-судың аты – тарихтың хаты // Нұра. – 2001. – 3 наурыз.
12. Мұхамедиярұлы М. Ата-мекеніміздегі жер-су аттары // Рассвет. – 1995. – 2 декабрь.
13. Жанұзақов Т. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
14. Керімбаев Е. Атаулар сыры. – Алматы: Қазақстан, 1984. – 119 б.
15. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
16. Мұхамедин М. Туған жердің атауын таңдамайды // Орталық Қазақстан. – 1991. – 21 мамыр.

REFERENCES

1. Willem Van Assendelft. What's in a name? A typological analysis of Aztec placenames // Journal of Archaeological Science. – 2018. – №19. – P. 958–967.
2. Nakhanova L. The role of old Turkic place names in teaching history // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2014. – V. 141. – P. 1054–1061.
3. Biyarov B. Jer-su attarynyn sozjasamdyq ulgileri [Samples of word formation of toponyms]. – Almaty: Memlekettik tildi damyty instituty, 2012. – 420 b. [in Kazakh]
4. Januzaq T. Qazaq onomastikasy. Kazahskaya onomastika. T. 1. [Kazakh onomastics. Volume 1.]. – Astana: «1С-Servis» JShS, 2006. – 400 b. [in Russian]
5. Januzaq T., Rysbergen K. Qazaq onomastikasy: jetistikteri men bolashagy [Kazakh onomastics: achievements and the future]. – Almaty: Aziya, 2004. – 128 b. [in Kazakh]
6. Molchanova O.T. Strukturnye tipy tiurkskih toponimov Gornogo Altaya [Structural types of Turkic toponyms of Gorny Altai]. – Saratov: Izdatelstvo Saratovskogo universiteta, 1982. – 256 s. [in Russian]
7. Sarbalayev J. Sozjasam maseleleri: oqu quraly [Word formation problems: textbook]. – Almaty: Arys, 2002. – 152 b. [in Kazakh]
8. Adam tegi M., Semqul tegi B. Ataular astyndagy anyzdar [Legends about the names] // Balkantau, 1994. – 3 qyrkuiek. [in Kazakh]
9. Artyqbaev J. Jerindi tanyganyn – elindi tanyganyn: Ulyanov audanyynyn mysalynda Ortalyq Qazaqstan toponimiasyna sholu [Recognition of your land – recognition of your country: an overview of the toponymy of Central Kazakhstan on the example of the Ulyanovsk region] // Ortalyq Qazaqstan. – 1991. – 14 jeltoqsan. [in Kazakh]

10. Jartybaev A. Qaragandy oniri toponimderinin magynalyq jane qurylymdyq sipattary [Semantic and structural features of toponyms of the Karaganda region]. – Qaragandy: Bolashak, 1998. – 165 b. [in Kazakh]
11. Nurmaquly J. Jer-sudyn aty – tarihtyn haty [Name of the land-a letter of history] // Nura. – 2001. – 3 nauryz. [in Kazakh]
12. Muhamediaruly M. Ata-mekenimizdegi jer-su attary [The names of places and water in our homeland] // Rassvet. – 1995. – 2 dekabria. [in Kazakh]
13. Januzaqov T. Ortalyq Qazaqstannyn jer-su attary [Toponyms of Central Kazakhstan]. – Almaty: Gylym, 1989. – 256 b. [in Kazakh]
14. Kerimbayev E. Ataular syry [The secret of names]. – Almaty: Qazaqstan, 1984. – 119 b. [in Kazakh]
15. Qoishybaev E. Qazaqstannyn jer-su attary sozdigi [Dictionary of names of land and water in Kazakhstan]. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b. [in Kazakh]
16. Muhamedin M. Tugan jerdin atauyn tandamaidy [One does not choose the name of the place of birth] // Ortalyq Qazaqstan. – 1991. – 21 мамыр. [in Kazakh]